

# БАТЫС ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ЖАҢА ТАРИХЫ. 1-ТОМ

## АНТИКА ФИЛОСОФИЯСЫ

Құдай. 3-бөлім





**Мақсаты** – антика философиясындағы, соның ішінде, эпикурлық және стоиктік Құдайтану ілімін, сонымен қатар, Плотин теологиясын қарастыру.

**Жоспары:**

1. Эпикур мен стоиктердің құдайлары.
2. Сәуегейлік пен астрология жайында.
3. Плотин үштігі.

**Түйін сөздер**

Теология, теизм, атеизм, монотеизм, политеизм, полиморфты пантеизм, жору, сәуегейлік, ырымшылдық, Бірлік, Интеллект, Жан.

## Эпикур мен стоиктердің Құдай туралы ойлары

Эпикур құдайлардың бар екенін тек адамдардың мәмілесі үшін ғана мойындады. Сенімнің тамырының беріктігі және кең таралғаны соншалық, тіпті табиғаттың өзімен біте қайнасып кеткендей, яғни ол – ақиқат. Эпикурдың ойынша татулық мәнісі, құдайлардың киелі және мәңгі екенінен туындайды. Сол себепті олар ауыр жұмыстан, ашу-ызадан және сүйіспеншіліктен ада болады. Осы білімнің өзі адам баласының жалған нанымсыз, Құдайға шын ниетпен құлшылық етуіне жеткілікті. Алайда адамның әуестігі оны ары қарай жетелеп, құдайлардың болмысын, не туралы ойлайтындығын және өмір салтын білуге қызықтырады.

Эпикурдың ілімі бойынша, табиғат құдайлар туралы тұжырымды мына жолмен түсіндіреді. Адамдар түс көреді. Кейде түстерінде адам бейнесіндегі алып, әсем және күшті жаратылыстар елестейді. Содан соң, оларға сезімталдық қасиет таңып, ақырында мінсіздендіріп, өлмейтін, күшті талап етпейтін, киелі құдірет иесі деп қабылдайды. Бірақ қаншалықты мінсіз болса да, ол адам кейпіне енді. Себебі ол – барша жанды формалар арасындағы ең әдемісі. Әрі сол ғана ойлау қабілетіне ие. Әйтсе де құдайлар – адамдар секілді тән мен қаннан жаралған тіршілік иелері емес. Олар жұқа квази-тәннен және квази-қаннан жаралған. Не сезілмейтін, не көрінбейтін құдайларды біз тек санамыз арқылы ғана қабылдаймыз. Олар біздің әлеміміздің еш бөлігінде өмір сүрмейді. Қалай болғанда да, тіршілікте қаншама ажалсыз болса, соншама ажалды бар.

Эпикур теологиясының элементтерін үйлестіру оңай емес. Кенни осыған талпыныс ретінде жүргізілген зерттеулерді көрсетіп, Эпикурдың құдайларын қиялымыздың ағынымен санамызда шоғырланып, құдай бейнесіне айналған ой-құрылымдар ретінде қарастырды. Нәтижесінде, еліктеуге лайық этикалық парадигмамен қамтамасыз ететін мінсізденген тұжырым туды. Бірақ Ғаламның еш жерінде өлмейтін биологиялық жаратылыс жоқ. Эпикур мұндай түсінікке келгенде Мэтью Арнольд және Джордж Элиотт сияқты XIX ғасыр ойшылдарының антикалық ізашары іспетті. Олардың ұстанған теизмі, өз мәнінде моральдық теорияға негізделген. Дегенмен классикалық дәуірде Эпикур жүйесін атеизмге теңестіргендер болғаны талассыз. Бұл әсіресе стоиктерге тән. Стоиктердің діндарлығы Эпикур діндарлығы секілді сол кездегі кең таралған көпқұдайшылдықтан біраз алшақ болды. Бір ғана ұлы Құдайды дәріптейтін дін тұрғысынан алғанда Эпикур да, стоиктер де теологияда қателесті. Эпикурлықтар Құдайды шынайы әлемнен тым алыс қойды. Ал стоиктер болса, оны тым жақындатып жіберді. Стоиктер теологиясындағы басқарушы сана құдіретті аяңды, табиғи үдерістердің рационалдығына теңестіреді. Бұл – Спинозаның Deus sive Natura-сынан, яғни Құдай мен табиғаттың бірігуінен бұрынғы бастама.

Эпикурлықтар секілді стоиктер де Құдайдың бар екені жөніндегі адамзаттың мәмілесіне көңіл аудара бастады. Екі мектеп те кең тараған көпқұдайшылдық нанымның бір бастамасы табиғи зорлық-зомбылықтан туындаған қорқыныш нәтижесі дегенге келісті. Стоиктер эпикурлықтарға қарағанда, Құдайдың бар екеніне дәлелдер келтірді. Клеанфтың айтуынша, Құдай түсінігін адам санасына алып келген нәрсе – ауа райының қолайлылығы мен топырақтың құнарлылығынан алған пайдасы. Хрисипп болса оны қолдап, жердегі жемістер жануарлар үшін, ал жануарлар адам үшін өмір сүретінін айтты.



Стоицизм мектебінің негізін қалаушы Зенон Құдайдың бар екенін айғақтайтын дәлелдерді келтіруде, әлемнің рационалдығы туралы айтқанда алдына жан салмайды. «Рационалды бейрационалдықтан жоғары тұрады. Бірақ әлемнен жоғары тұрған ештеңе жоқ. Сондықтан, әлем рационалды» деген. «Жансыз нәрсе жанды нәрсені туындата алмайды. Бірақ әлем жанды нәрселерді туындатады. Сондықтан әлем жанды. Егер зәйтүн ағашының бұтағынан жасалған сыбызғы әуен ойнаса, онда сіз музыка туралы білімді ағашқа таңасыз. Олай болса даналығы бар жаратылыстарды туындатып отырған даналықты Әлемге неге таңбасқа?». «Сен саналы ойың арқылы Құдайды құрметтей аласың. Бірақ, сен жоқ нәрсені саналы ойыңмен құрметтей алмайсың. Сондықтан, Құдай бар». Зенонның ең ерекше және сендірерлік дәлелі осындай.

Зұлымдықтың болуы мәселесі стоиктердің ерекше қызығушылығын тудырды. Бір жағынан, құдіретті аян доктринасы олардың жүйесінде ерекше орын алды. Олардың тұжырымдамасында аян жамандықтың бар екенімен сәйкес келмейді. Екінші жағынан, стоиктер зұлымдықты анық жамандық деп білгендіктен, бұл саладағы мәселе оларға басқа мектеп теистеріне қарағанда, көлемі бойынша шектеулі болып көрінеді. Қанша шектеулі болса да, ол белгілі бір шешімге келуге шақырады. Осы тұрғыда Хрисипп әділдік пен әділетсіздік, батылдық пен қорқақтық, шыдамдылық пен шыдамсыздық, даналық пен ақымақтық сияқты қайшылықтар тек бір-бірімен қатар ғана өмір сүре алады деген принципке тоқтайды. Бұл принцип («Федондағы» Платонның мәңгілік туралы дәлелінің біріне негізделген) қате сияқты. Себебі жеке ізгілік түсінігін соған сәйкес зұлымдық түсінігінен айырып қарастыру мүмкін емес. дегенмен бұл осы екі тұжырымдаманың дәлелденуі керек екенін білдірмейді. Кез келген азап пен қолайсыздықтардан зардап шексек те, әлем адам баласы үшін жаралған дейді Хрисипп. Құдай бізді өзіміз және бір-біріміз үшін, ал жануарларды біз үшін жаратты. Жылқы бізге соғыста, ит аңшылықта көмек көрсетеді. Ал аю мен арыстан бізге батыл болуға мүмкіндік береді. Кей жануарлар бізге азық үшін берілген. Ал кейбір мақұлықтарды олардың әдемілігіне сүйсінуіміз үшін жаратқан. Мысалы, тауыс құйрығы үшін жаралған.

Стоиктердің Құдай туралы тұжырымдамасының арқауы бір Құдайды мойындайтын діндердің ұстанымынан мүлде өзгеше. Стоицизм ілімі бойынша, Құдай – материалды. Ол ғаламның бір бөлігі және өзі «құраушы от» ретінде ғаламды өзі отымен қамтамасыз етіп, реттейді. Жалғастырушы және дамытушы болған соң, Құдайдың өмірі бүкіл әлемнің тарихымен бірдей.

Цицерон сипаттағандай, Хрисиптің доктринасы монотеизм не политеизм де емес, полиморфты пантеизм болды.

## Жору және астрология туралы

Цицеронмен қызу дауласқан стоиктердің тағы бір доктринасы – олардың жоруға сенуі. «Жору туралы» диалогі өзі мен бауыры арасындағы сұхбат ретінде құрылған. Квинт Цицерон жоруды жақтап, дін соған сенуіне байланысты не өрлейді, не құлдырайды десе, Марк Цицерон олардың теңдігін жоққа шығарып, жору тек мәнсіз ырымшылдық екенін айтады. Квинт Цицерон өзінің біраз дәлелдерін жору туралы екі кітап жазып, түстер мен шынайы оракулдер тізімін жинаған Хрисипптан келтіреді. Марк Цицерон болса өз дәлелдерінде академиялық скептик Карнеадқа сүйенеді.

Жорудың – болашақты болжауға ұмтылыстың Римде кеңінен таралған бірнеше жолы болды. Жұлдыздарды зерттеу арқылы, құстардың ұшуы арқылы, құрбандыққа шалынған жануарлардың іш құрылысы арқылы, түсті жору және сәуегейден кеңес сұрау арқылы. Қазіргі заманда бұл жорулардың көпшілігі мағынасын жойды. Бір жағынан, екіншіше қарай, Цицеронның астрологиясы да сол зерттелмеген күйінде қалды.

Квинт сәуегейлер мен көріпкелдердің таң-тамаша болжамдары туралы әзіл-қалжың айтады және олардың ұстанымының біздің құстардың, бақалардың әрекетіне немесе жеміс-жидектің молшылығына қарап ауа райын болжауымыздан еш айырмасы жоқ дейді. Екі жағдайда да белгі мен белгіленудің арасындағы байланысты білмейміз. Барлық көріпкелдердің айтқаны келе бермейді. Кейде дәрігерлер де қателесіп жатады. Біз олардың қалай жоритынын түсінбейміз. Алайда біз магниттің де қалай әрекет ететінін білмейміз ғой.



Марк Цицеронның жауаптары қарапайымдығымен ерекшеленеді. Егер сен бір нәрсені түсініп білгің келсе, көзі көрмейтін сәуегей Тиресийден емес, көзі көретін адамнан сұра. Егер сен ауырсаң, көріпкелді емес, дәрігерді шақыр. Егер саған космология керек болса, физикке бар. Егер ақыл-кеңес керек болса, көріпкелді емес, философты ізде. Егер ауа райын білгің келсе, көріпкелден гөрі өз тәжірибеңе сен. Егер оқиға кездейсоқтық себебінен болса, ол алдынала болжана алмас еді. Кездейсоқтыққа келгенде, астрономдарға күннің тұтылуын болжауға мүмкіндік беретін себептік тізбек сияқты жағдай жоқ. Ал екінші жағынан, егер болашақ оқиғалар маңдайға жазылған болса, келе жатқан апатты алдын ала білгеннің өзі одан қашып құтылуға мүмкіндік бермейді. Және құдайлар да оңдай білімді бізден алыс ұстап, мейірімділігін танытады. Ақырында, Цицерон түс көру арқылы болашақты жоруға болатынын мазақ қылады. Біз түн сайын ұйықтаймыз және түн сайын түс көреміз, ал түстердің кейде орындалып, шындыққа айналатыны таңғалдыра ма? Түстердің көпшілігі жалған болып шығады және саналы адамдар оған назар аудармайды.

Марк Цицерон сөзін қорытындылай келе өзінің атеист емес екенін айтады. Бұл тек дәстүрге деген құрмет қана емес, аспан денелерінің тәртібі мен ғаламның сұлулығы оны адамдар дәріптейтін жоғарғы мәңгі болмыстың бар екенін мойындатты. Дегенмен шынайы дін ырым-шылдықты жойғанда ғана халық сеніміне ие болады.

## Плотин үштігі

Плотиннің жүйесі – антика заманындағы философиялық теологияның шарықтау шегі. Ол туралы Бертран Рассел «Плотин метафизикасы Бірлік, Рух және Жан Қасиетті үштігінен басталады. Бұл үшеуі Христиандық үштік Тұлғалар сияқты тең емес. Бірлік бірінші келеді. Одан кейін рух. Ал жан соңғы», – дейді.

Плотиннің үштігін христиандық үштікпен салыстырмау да мүмкін емес. Шындығында, Никей және Константинополь кеңесіне дейін дүние салған Плотин үш құдіретті тұлғаның арасындағы қатынасқа анықтама берді. Ал бұл анықтама сөзсіз Шіркеу әкейлерінің ойларына әсер етті. Алайда оның жеке ойларын түсіну үшін кейінге көз жүгірткеніміз дұрыс болар. Кейбір қасиеттеріне қарасақ, Платонның Құдайы – Бірлік. Интеллект (nous сөзіне «рух» деген аудармасына қарағанда жақсы келіңкірейді) – Аристотельдің Құдайы. Ал Жан – стоиктердің құдайы екенін айтуға болады.

Бірлік «Парменидтің» Бірлігінен, және «Мемлекеттегі» Игілік идеясынан шығады. Бірлік Платон мен Плотин үшін табиғи сандар тізбегінің біріншісі емес. Керісінше, өте қарапайым және бөлінбейтін ерекше бірегей нәрсе. Бірлікті болмыстан тыс деп айту тіршілік етпейтінді меңземейді. Керісінше, ол нағыз шынайы зат. Оның айтуынша, бұл жерде ешқандай предикат пайдаланылмауы керек, әйтпесе жоғарғы қарапайымдылықтан ауытқу болуы мүмкін.

Плотиннің үштігіндегі Бірліктен кейінгі екінші элемент – Интеллектіге көшсек, Аристотельдің Құдайы секілді, интеллект таза әрекет саналады және өзінің сыртындағы нәрсе жөнінде ойлай алмайды. Әйтпесе ол әлеуеттілікті қамтитын еді. Аристотельдің доктринасы екеніне қарамастан оның әрекеті – ой туралы ой емес. Бұл барлық Платондық идеялар туралы ой болды. Бұлар сыртқы нәрселер емес. Аристотельдің өзі мұны ғаламдық ереже секілді көрген. Интеллектінің болмысы және интеллект объектісінің болмысы екеуі – бір жерден табылатын нәрсе. Осылайша, Идеялардың өмірі дегеніміз, интеллект белсенділігінен өзге ештеңе де емес. Интеллект – жалпы және жеке формалардан тұратын түсінікті Ғалам.

Интеллект неден туындайды? Интеллектінің өзінің бастауын Бірліктен алатындығы күмәнсіз. Бірлік көбейтуден қызғанбайды және бергеннен ештеңе жоғалтпайды. Бірақ Плотин мәтінінің астарында екі түрлі ой бар. Кейбір жазбаларында Интеллект ииссудан шығатын тәтті иіс немесе күннен тарайтын шуақ сияқты Бірліктен пайда болады дейді. Бұл христиан дінді оқырмандарға Құдайдың ұлы – нұрдан жаралған деген Никей ұстанымын еске түсіреді. Бірақ кей жерлерде Плотин Интеллект туралы «Бірліктен бас тартуға батылы барды» деп те айтады. Бұл Интеллектінің Христиандық үштіктің сөзінен гөрі, Мильтонның Люциферіне көбірек ұқсастығын көрсетеді.



Интеллектіден Жан туындайды. Ол – үшінші элемент. Мұнда Плотин метаболизмді аңсау формасына енген, тәуелсіздікке деген жоғарғы өлшемді ұмтылыс немесе көтеріліс туралы айтады.

Стоиктер жүйесіндегі Құдай сияқты Жан – табиғаттың әлемінде тұрақты басқарушы элемент. Бірақ стоиктердің Құдайынан өзгешелігі – Жан материалды емес. «Тимейдің» Демиургы секілді Интеллект бүкіл әлемді жаратушы болды. Алайда Жан – оның дамуын ұйымдастыратын интеллектінің қозғаушы күші. Жан түсінікті әлеммен сезімдер әлемі арқылы қатынасады. Жан денеден үстем және одан тәуелсіз екенін дәлелдеу үшін Плотин Платонның «Федонда» қолданған көптеген дәлелдеріне ұқсас дәлелдер қолданады. Ол жан бұлшық еттердің үйлесімді жұмысы ғана, сондықтан ол денеге тәуелді деп санайтындардың дәлелдерін шебер теріске шығарды. Сазгер лираның ішегін тартқанда, ол әуенге емес, ішектерге қатысты әрекет етеді. Алайда әуен күйіне келмейінше, ішек тартылмайды дейді ол.

Плотиннің теологиясы Афинаның мектептері жабылып, Батыстың пұтқа табынушы философиясы ақырына жеткенге дейін өзгертіліп, оқытыла берді. Дегенмен Плотиннің ықпалы, оның алғашқы христиан оқырмандары сіңіріп, таратқан идеялары арқылы тіршілік етті. Және әлі де тіршілік етіп келеді. Сол оқырмандардың арасында ерекше көзге түсетіні Аугустин болатын. Плотинды оқу Аугустинді христиан дінін қабылдауына алып келді. Осы бір христиан ойшылының «Тәубе» және «Үштік туралы» еңбектерінің көптеген беттерінен Плотин ойларының жаңғырығын байқауға болады. Өмірінің соңғы күндерінде, бізге жеткен ақпарат бойынша, вандалдар Гиппонды бұзып жатқан кезде, Аугустин «Эннеадтағы»: «Егер адам тас пен ағашты қиратуға немесе – ажалды жаратылыстардың өліміне соншалықты мән берсе, онда адамды қалай саналы деуге болады?» Бізге Құдайдың өзі жар болсын! – деген сөздермен өзін жұбатыпты.

Сонымен, біз Энтони Кенни кітабының тоғызыншы тарауында талдаған антика философиясындағы теологиялық мәселелерді қарастыруымызды аяқтадық. Біз, сонымен қатар, Энтони Кеннидің «Батыс философиясының жаңа тарихының» бірінші томындағы «Антика философиясы» кітабын қарастырып болдық. Кітап, сөзсіз, қызық, авторлық көзқарасқа ие және антика философиясы тарихын сипаттауда өзіне ғана тән сипаттаумен ерекшеленеді. Біз бірінші дәрісте атап өткендей, Энтони Кеннидің идеялары мен мақсаттарын тағы бір мәрте атап өткім келіп отыр.

Философия тарихындағы тіл мәселесі немесе ерік еркіндігі мәселесі сынды әртүрлі мәселелерге тоқталып, Кенни философиялық ілгерілеудің ең көрнекі формасы философиялық талдаудағы ілгерілеу деген шешімге келеді. Көненің ұлы туындылары философияда өз мағынасын жоғалтпайды, дегенмен олардың зияткерлік үлесі тұрақты емес. Әр ғасыр философиялық классиканы өз заманының мәселелері мен ұмтылыстарына сай түсіндіреді. Философияға немесе тарихқа көбірек қызығушылық танытқан философия тарихшысы бір мезетте философ та тарихшы да бола алады. Философия тарихшысы өткен дәуір ойшылдары өз еңбектерін жазған тарихи контекстті білуі керек, – деп есептейді Кенни.

Философия табиғатына деген көзқарас Аристотель мен Гегельде екі түрлі, – деп жазады Кенни, – дегенмен, Аристотель де, Гегель де философиялық білім прогресі жөніндегі түсініктерді – тарих толқынында философиялық мәселелер ұдайы айқындалып, жетілумен келеді және оларға нақтырақ жауап беруге деген мүмкіндік те артуда деп есептеді. Кеннидің ойынша бұл еңбекті жазудағы басты мақсаты – өмірден өткен ғұламалардың философиясы уақытпен шектелмейтінін және бүгінде біз ұлы еңбектерді мұраға алып қалып, оларды егжей-тегжейлі оқи отырып, философиялық танымға қол жеткізе алатынымызды көрсету.

Біз көптеген авторлардың біршама философия тарихымен таныспыз, дегенмен, осы кітаптың ерекшелігі, менің ойымша, мынадай. Біріншіден, Энтони Кенни кітабының құрылымы соны. «Батыс философиясының жаңа тарихының» әрбір томында қарастырылып отырған кезеңнің тарихи-философиялық оқиғаларына хронологиялық шолу жасалған және эпистемология, физика, метафизика, этика секілді тақырыптық бөлімдер де қамтылған. Кенни өз кітабының осындай құрылымның болуы қызығушылық танытқан оқырманның екі түрінің қажеттіліктерін де қанағаттандырады. Оқырманның алғашқы үлгісі – өткенге жарық беретін философия тарихына қызығушылық танытқандар, ал екіншілері – қазіргі заманның өзекті сұрақтарына жауап іздеген философияның өзіне қызығушылық танытқан жандар. Екіншіден, жеке ойшылдар



арқылы және философиялық мектептер негізінде көрсетілген антика философиясының бөлімдері – мазмұны, формасы және стилистикасы жағынан күрделі, әрі әртүрлі және Энтони Кенни олардағы нақты және айқын қисынды құрылымды сақтай отыра, тек қатаң, ықшамды түрде сипаттап қана қоймай, авторға тән әсем мәнерлер және жарасымды әзілмен де оқырманға жеткізе алды. Үшіншіден, кітап көптеген атақты философия тарихшыларының өзіне тән, идеологиялық жүктемеден аулақ. Төртіншіден, Кенни тек түпнұсқамен жұмыс жасап, оларды тарихи дамудың объективті көзқарасына және философиялық білімнің прогресіне сүйеніп қана түсіндіреді. Бесіншіден, кітаптың әрбір сөйлемінің түзетілгені соншалықты, Оксфордтың ұлы философының тамаша академиялық стилі анық сезіледі.

Энтони Кеннидің тағы да басқа жетістіктеріне, сіздер, «Батыс философиясының жаңа тарихы» еңбегін оқып баға бере аласыздар.

Соңында мен Энтони Кеннидің сөзін тағы да еске салғым келіп отыр: Философия – білім мәселесі емес, түсінік мәселесі, яғни бұрыннан таныс нәрсені жинақтау мәселесі. Алайда философия өте ауқымды әрі әмбебап болғандықтан, оны тек кемеңгер ақыл иесі ғана игере алады. Ал кемеңгер еместерге – көне замандағы ұлы философтарды түсінуге қол жеткізу үміті ғана қалады.

### Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар

1. Эпикур концепциясы бойынша құдайлар табиғаты қандай?
2. Эпикурлық және стоиктік теологияны не біріктіреді?
3. Эпикурлықтар мен стоиктердің теологиялық түсіндірмелеріндегі айырмашылық неде?
4. Стоик Зенон құдайдың бар екеніне қандай дәлелдер келтіреді?
5. Плотинның қасиетті Үштігі христиандықтағы қасиетті Үштіктен несімен ерекшеленеді?
6. Плотинның теологиясы кейінгі теологиялық ілімдердің ары қарай дамуына қандай ықпал жасады?

### Әдебиет

1. Anthony Kenny, *Ancient Philosophy: A New History of Western Philosophy, Volume 1.* – Oxford University Press. – 2014. – 368 p.
2. Кенни Э., *Батыс философиясының жаңа тарихы, 1 том, Антика философиясы.* – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018. – 408 б.
3. Диоген Лаэртский, *О жизни, учениях и изречениях знаменитых философов.* / Пер. и прим. М. Л. Гаспарова. Общ. ред. и вступ. ст. А. Лосева. (Серия «Философское наследие»). - М., Мысль, 1979. – 624 с.
4. Чанышев А. Н., *Курс лекций по древней философии.* – М., 1981.
5. Платон, *Диалоги.* – М.: Академическая книга, 2017.
6. Adler M., *Aristotle for everybody. Difficult Thought Made Easy.* Published June 1st 1997 by Touchstone (first published 1978).
7. Плотин, *Эннеады.* – Киев, 1995–1996.